

***Шағын кәсіпкерлік:
мемлекеттік қолдаудың
бағыттары мен негіздері***

Шағын кәсіпкерлік

Жеке және заңды тұлға құра отырып, жұмысшыларының саны 50 адамнан аспайтын және жыл бойғы активтерінің орташа жылдық құны

ҚР бюджет туралы заңында белгіленгендей 60 мың еселенген айлық көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік іс – әрекетті айтамыз.

Ешқандай монополистік бірлестікке кірмейтін және экономикада монополияға қатысты бағынышты рөл атқаратын жеке меншіктегі ұсақ және орта кәсіпорындардың қабылданған жиынтық атауы.



ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы мемлекеттің жаңаруының стратегиялық бағытын анықтайтын негізгі құжат болып танылды.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы



Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан–2030» стратегиясының ережелеріне тұжырымдамалық баға бере отырып, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі дамуына перспективті көзқарасын білдірді. Шағын бизнестің дамуы ел экономикасының дамуы.

Республикамызда шағын бизнесті дамыту үшін мынадай шараларды жүргізу керек:

- салық салу базасын жетілдіру;
- салықтың түрлерін анықтауға қатысты салық заңдарына өзгерістер енгізу;
- қаржы операцияларын жүргізуге мұрындық болатын салық ставкаларын азайту және соған сәйкес тиісті салықты төлеуді жетілдіру;
- несие беру мерзімдерін ұзарту және аймақтық мәні зор шағын өндірістік кәсіпорындар үшін пайыздық ставкаларды төмендету арқылы отандық өндірістерді ынталандыру және сапасы төмен арзан қолды тауарларды тасып әкелуге тосқауыл қою;
- шағын бизнесті несиелендіру механизмдерін жетілдіру үшін лизингтік несиелерді, венчурлық қаржыландыру, факторинг, сонымен бірге, кепілдік қорларды құру және өзара несиелендіруді қалыптастыру жолдарын ұсынамыз.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі мақсаты – олардың әлеуметтік- экономикалық қызметін тиімді атқаруына мүмкіндіктер жасап, өмір сүру мерзімінің неғұрлым ұзаруына ықпал ету.



Өтпелі экономикада шағын кәсіпкерлік пен бизнестің біртіндеп қалыптасуы – заңды құбылыс. Мемлекет тарапынан жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді уақыттың өзі түзеп отыратыны да белгілі. Республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қолдау механизмдері нарық экономикасының ең белсенді бөлігінің – шағын кәсіпкерлік пен бизнестің дамуына даңғыл жол ашады.



Шағын бизнестің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамту, оның әлеуметтік мәселелерін шешу, еңбекке деген белсенділігін дамыту, тұтыну нарығын көп ассортиментті товарлармен, қызметтермен толықтыру. Шағын кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру мақсатымен Қазақстан азаматтарына жайлы құқықтық және экономикалық жағдай туғызу үшін бірнеше заңдылық және ұйымдастыру – экономикалық шаралар жасалды.



Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлыққа қол қойды. Президент бұл бағдарламаны бекіте отырып, бір мерзімде оны іске асыру шараларының жоспарын жасап, бекіту жөнінде үкіметке тапсырма берді. Елімізде шағын кәсіпкерлікті қалыптастырып, дамыту жүйесі әлі де жүріп жатыр. Шағын кәсіпкерлік әлі іске жаратылмаған әжептәуір қаржы-қаражаттарын тиімді жұмылдыратын басты құралдардың бірі. Осындай кәсіпкерліктің болмауынан осы ресурстар пайдаланылған болатын еді

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры — бейкоммерциялық қаржы ұйымы. 1997 жылы сәуірде Алматыда құрылған. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасып, дамуын ынталандыру, шағын кәсіпкерлікті қолдауға жұмсалатын мемлекеттік қаржыны тиімді пайдалану мақсатын көздейді. Қордың акциялары түгелдей мемлекетке тиесілі. “Жеке кәсіпкерлік туралы” ҚР Заңына сәйкес қордың негізгі міндеттері:

жобалық қаржыландыру;

жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуымен кішігірім несие ұйымдарының желісін дамыту;

шағын кәсіпкерлік субъектілері 2-деңгейдегі банкілерден несие алған кезде оларға кепілдік беру жүйесін құру;

қаржы лизингін дамыту;

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ақыл-кеңес беру, оларды кәсіпкерлікке баулу; шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін сапа менеджменті жүйесін енгізу операцияларын бірлесіп қаржыландырудың кепілді жүйесін дамыту.



Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (ШКДК)

Үкіметтің, қазақстандық заңи тұлғалар мен кәсіпкерлердің, халықаралық қаржы ұйымдарының, шетелдік үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдардың қатысуымен «Шағын кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды күшейту және жандандыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы мамырдың 6-сындағы Жарлығын атқару үшін құрылған. Аталған Қордың негізгі қызметі шағын бизнес жобалары бойынша дербес, сондай-ақ екінші деңгей банктерінде конкурстық негізде Қор қаражаттарын шарттасымды орналастыру арқылы кредиттер беруге бағытталған. Қорды құру туралы Үкіметтің қаулысында Қаржы министірлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментіне 1997 жылдың Імаусымына дейін банктік емес қаржы мекемесі ретінде жабық тұрпаттағы акционерлік қоғам нысанында Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру табысталынған болатын.

Шағын кәсіпорындар шаруашылықта жүргізудегі икемділігі ғылыми – техникалық прогрестің негізгі бір қозғаушы күшінің айналуы.

Мысалы: Жапондық мамандардын есептеуінше екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі кезеңде бұл елдің әлемдегі ең бай елдер қатарына қосылуына бірден -бір себепші болған нәрсе шағын кәсіпкерлікті дамыту.

2015 ж. 1 қаңтарына шаққанда ресми тіркелген кәсіпорындар



Шағын бизнес
336 422
кәсіпорын

Олардың ішінде жұмыс істеп тұрғандары 181 338,
сондай-ақ:
— жаңадан ашылғандары 25 019
— белсенділері 103 054
— уақытша белсенді емес 53 265



Орта бизнес
14 936
кәсіпорын

Олардың ішінде жұмыс істеп тұрғандары 14 094,
сондай-ақ:
— жаңадан ашылғандары 825
— белсенділері 13 034
— уақытша белсенді емес 235



Ірі бизнес
2475
кәсіпорын

Олардың ішінде жұмыс істеп тұрғандары 2397,
сондай-ақ:
— жаңадан ашылғандары 48
— белсенділері 2318
— уақытша белсенді емес 31

Дерек көзі: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

Тұрақты экономикалық жүйеде шағын кәсіпкерлік

динамикалық түрде дамуы мүмкін:

- тұтынушылардың сұранысының өзгерісіне тез бейімделе алады
 - бәсекелес нарықтық қатынастарға ықпал етеді
 - жаңа жұмыс орындарын ашады
 - жаңа кәсіпкерлік тап пен меншік иелерінің құрылуына жағдай жасайды
 - елдің жалпы ұлттық өнімінде үлкен қаржы салаларын береді
- Дамыған елдерде шағын кәсіпорындар мынадай басым рөл атқарады;

Сауда

Автосервис

Құрылыс

Қызмет көрсету салалары



Шағын бизнестегі тәуекелдер

Таза тәуекел
Егер олардың нәтижелері жоғалтулар болса немесе пайда табу мүмкіндігі де жоқ болса

Алыпсатарлық тәуекел
Кәсіпкер ұтпайды да,
ұтылмайды да

Фундаменталды тәуекел
Егер тәуекел барлық компанияларға бірдей әсер етсе және даралық сипатта болмаса